

## Мектепке дейінгі тәрбие

Қазіргі кезде республикамызда 1391 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, онда 215,9 мың бала білім алып, тәрбиеленуде.

1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың жалпы санының 27,6%–ы ғана мектепке дейінгі ұйымдарға барады (2005 жылы – 23,2%), ал ауылдағы балалардың тек қана 12,4%–ы балабақшалармен қамтылған.

Мектепке дейінгі тәрбие беретін ұйымдармен қамтудың жоғары деңгейі Қостанай облысында – 62,3%, төменгісі 7,1% – Алматы облысында байқалады.

Бес-алты жасар балалардың 77%-ы мектепалды бағдарламасымен қамтамасыз етілген. Мектепалды даярлыққа арналған оқыту материалдарының пакеті енгізілді. Бұл материалдарға мектепалды балаларының 60%-ы қол жеткізді, оларға жұмсалатын шығыстар жергілікті бюджеттен төленеді.

Дегенмен де, мектепалды даярлықтағы балалар санының өсуіне қарамастан, жалпы мектепке дейінгі білім беруге қол жеткізу әзірге келелі мәселе. Халық саны көбеюде. Жақсы балабақшаларға, сәбилер бақшаларына деген қажеттілік өсуде. Елімізде балабақшалардан орын алуға 137,9 мың адам кезекте тұр. Ал балабақшалардағы орын саны еліміздегі мектепке дейінгі жастағы балалар санына қарағанда бес есе төмен.

Сондықтан, мектепке дейінгі мекемелердің желісін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 ақпандағы №83 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдау жөніндегі 2007 – 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы қабылданды. Аталған қаулыда:

1) облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің жанынан Мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерін құру. Кеңес құрамына мүдделі аумақтық органдардың, ведомстволардың, ата-аналар қоғамдастығының және ҮЕҰ-ның өкілдерін енгізу;

2) «Балабақшаға барамыз» атты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдаудың өңірлік жоспарларын әзірлеу;

3) 55 мектепке дейінгі ұйым салу, 131 бұрын жабылып қалған мектепке дейінгі ұйымды қалпына келтіру, балаларды ерте жастан дамыту бағдарламаларын енгізу жөніндегі білім беру ұйымдарының базасында ата-аналарға арналған 44 кеңес беру пункттерін, демалыс күнгі топтарды ашу;

4) 375 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды күрделі жөндеуден өткізу;

5) 862 балабақшаны жиһазбен, тамақтар блогы жабдығымен және 706 бақшаны компьютерлік техникамен қамтамасыз ету;

6) 1367 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерін оқу-көрнекі құралдарымен, балаларға арналған кітаптармен қамтамасыз ету іс-шаралары қарастырылған.

Қаулыны 2007-2009 жылдарда іске асыруға байланысты болжанатын қаржылық шығындар 20,582 млрд. теңгені құрайды.